

"Темір жол станцияларының жұмыс режиміне қойылатын талаптарды бекіту туралы"
Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі № 366-І
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2013 жылғы 06 тамыздағы № 604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 28 тамызда № 8677 тіркелді

«Темір жол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 17-бабы 2-тар мағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Темір жол станцияларының жұмыс режиміне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі № 366-І бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 28 қазанда № 3175 тіркелді, «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетені», 2005 ж., № 1, 4-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Темір жол станцияларының жұмыс режиміне
қойылатын талаптарда:

4 және 5-тармақтар келесі мазмұнда жазылсын:

«4. Станция Ұлттық инфрақұрылым операторы бекіткен пайдалану жұмыстарының айлық техникалық нормалары негізінде станция бастығы бекітетін пайдалану жұмыстарының айлық техникалық нормаларына сәйкес өндірістік қызметті жүзеге асырады.

5. Станция бекітілген технологиялық процестің, қозғалыс кестесінің, поездарды құрастыру жоспары мен вагондардан жүк түсіру (босату) және бос тұруы жөніндегі айлық техникалық нормативтерінің негізінде, техникалық құралдарды тиімді пайдалануды, жылжымалы құрамның бос тұруын қысқартуды, жолаушыларға, жүк жөнелтушілер мен жүк алушыларға уақтылы және сапалы қызмет көрсетуді, жүк және жолауши поездарының қозғалысы кестесінің орындалуын, поездар қозғалысы қауіпсіздігін, жылжымалы құрам мен тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз ете отырып жұмыстарды үйымдастырады.

Станция жұмысының технологиялық процесін Ұлттық инфрақұрылым операторы
әзірлеуді және бекітеді.

Өнеркәсіптік станциялар мен МТЖ-ға іргелес кірме жолдар үйымдары үшін жұмыстың бірыңғай технологиялық процесін тармақ иесі әзірлейді және оны Ұлттық инфрақұрылым операторы бекітеді.».

2. Қазақстан Республикасы Қөлік және коммуникация министрлігінің Қөлік және

қатынас жолдары комитеті (Р.К. Мағзұмов) осы бұйрықтың:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді;

2) оның Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің интернет–ресурсында ресми жариялануын және оның Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының интранет–порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

M и н и с т р д і н

міндетін атқарушы

P. Скляр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК